Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **Материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8 »,** посвященной 55-летию университета. - 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б.20-21

СИЫР ЖЕЛІНСАУЛАРЫНЫҢ ЭТИОЛОГИЯСЫ МЕН ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Ахметов А.Н.,Кемешов Ж.Ө.,
Мұханбетқалиева А.А.

Қазіргі заманғы экономикалық қатынастар кезінде мал шаруашылығының басты көрсеткіштерінің бірі сүт өнімділігі мен сүттің санитарлық сапасы екені белгілі. Сүт өнімділігіне әсер ететін көптеген факторлар ішінде маңыздысы, айқындаушысы сүт безінің жалпы күйі. Сиыр аурулары арасында сүт өнімділігінің төмендеуіне әкеліп соғатын, сүт сапасын төмендететін кесел ретінде сиыр желінсауын атай аламыз. Желінсау полиэтиологиялық ауру, оны тудырушы факторлар алуан түрлі болуына орай бақылауға алу да үлкен қиындық тудырады. Желінсау орын алуындағы шешуші фактор организмнің резистентілігінің жағдайы екенін ұмытпағанымыз жөн. Иммундық жүйе функциясының бұзылуына қоршаған ортаның қолайсыз жағдайлары септігін тигізеді, олардың ішіндегі басты дейтіндері: дұрыс азықтандырмау, оның толыққұнды болмауы және санитарлық-гигиеналық жағдайлардың тиісті деңгейде болмауы т.б. Аталған болымсыз көріністер организмдегі зат алмасуын бұзады, табиғи резистентілігін төмендетеді, яғни жануарлардың ауруларға, нақты айтқанда желінсауға сезімдірек ете түседі.

Микроорганизмдер сүт безіне емшек үрпісі арқылы (галактогенді жол) немесе желін, үрпі жаралары арқылы (лимфагенді жол) түсе алады. Сауған соң емшек үрпісі 30 минуттай ашық күйде болады, соған орай сауып болған соң дезинфекциялық ерітіндімен өңдеген жөн. Желінсаулардың алдын алуда сиырларды дұрыс суалтудың маңызды екенін естен шығармауымыз керек, оны бұзаулауға 45-60 күн қалғанда бастайды. Сиырларда желінсау байқалуының басты себептерінің бірі инфекциялық агенттермен тікелей байланысты (стафилококктар, стрептококктар, ішек таяқшасы, протей т.б.). Инфекция көзі ретінде лас еден, төсеніш, шайынды сулар, лас су, орамал, сауын аппаратының беткейі мен емшек үрпісімен жанасатын өзге заттарды атауға болады.

Организмнің резистенттігін жоғарылату үшін Ақмола облысы шаруашылықтарында сиыр рациондарына толыққұнды азық қоспаларын қосу үрдіске айналған. Қора ауасының микробтық ластануын азайту үшін жануарлар тұрған кездері ауаны санациялау жақсы әсерін тигізеді.

Лактация кезеңінде сауу уақытында сүт безі мен емшек үрпілерін күнделікті бақылау және сауууға дейін және одан кейін өңдеп отыру аса маңызды.